Бекітемін:

МКҚК «№1 «бөбекжайы басшысы»

Г.М.Жетпісова

«02»---09---------2024жыл

Үйірме жұмысының перспективтік жоспары

# «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту»

(дидактикалық ойындар)

Тәрбиеші: Клышева С.К

2024-2025 оқу жылы

**Тақырыбы:** «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту».

**Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың білімдерін арттыру. Сөздік қорлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сұрақтарға толық жауап беріп сөздерді анық айтуға дағдыландыру тілдерін дамыту.

**Балалар тізімі:**

1. **Жансейтов Нурали**
2. **Асенбаева Малика**
3. **Қуандық Бейбарыс**
4. **Балта Мариям**
5. **Ваганов Даниил**
6. **Жумабаев Магжан**
7. **Темирбаев Тимур**
8. **Уразбаева Жанель**
9. **Уразбаева Дамелия**
10. **Абаев Алинур**
11. **Қалижан Медина**
12. **Ермеков Алишер**

| | | |
|---|---|---|
| | **Қыркүйек** | |
| I | **«Біздің балабақшадада»** | **Мақсаты:**Балабақша туралы түсінік беру,достарына қамқор болуға тәрбиелеу. |
| II | **«Тату доспыз бәріміз»** | **Мақсаты:** Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауға үйрету |
| III | **«Жоғалған ойыншық»** | **Мақсаты:**Жоғалған ойыншықтарды табу арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды |
| IV | **«Дауысынан таны»** | **Мақсаты:** Үй жануарларын дауысынан тануға үйрету.Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылығын ояту. |
| | Қазан | |
| I | **«Менің отбасым»** | **Мақсаты:**балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. |
| II | **«Бауырсақ» ертегісі** | **Мақсаты::**Ертегі желісін айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. |
| III | **«Бағдаршам» өлеңі.С.Дүкенбай.** | **Мақсаты:**өлеңді түсініп,есте сақтауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| IV | » Алтын күз» (сурет бойынша әңгіме) | **Мақсаты:**<br>Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауға үйрету. |
| | **Қараша** | |
| I | **«Үй жануарлары мен төлдері»** | **Мақсаты:** Үй жануарларынан алатын өнімге және олардың пайдасына тоқталу мақсатында тілдерін және ойлау қабілеттерін дамыту. |
| II | **«Жоғалған ойыншықты тап?»** | **Мақсаты:**Жоғалған ойыншықтарды табу арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды |
| III | **««Кірпіге қысқыштарды қыс»** | **Мақсаты:**Балаларды кірпімен таныстыру, кірпі туралы шағын мағлұмат беру.Кірпіге қысқыштады қысу арқылы баланың ұсақ саусақ моторикасын дамыту |
| IV | **«Ойыншықты ата»** | **Мақсаты:** Жылдам ойыншық аттарын айтуға, қыздар және ұлдар ойнайтын ойыншықтарға жеке-жеке тоқталу, неден жасалғанына мән беру мақсатында балалардың тілдік қорлары мен ойлау қабілеттерін дамыту. |
| | Желтоқсан | |
| I | **«Үй құрылысының ретін көрсет** | **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. |
| II | **«Таныс пішіндер доминосы»** | **Мақсаты**: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші суретті |

| | | |
|---|---|---|
| | | үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. |
| III | **«Бұл қай кезде болады?»** | **Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы мәлімет беру, сурет бойынша әңгіме құрастыру,жаңа жыл мерекесіне тоқталу арқылы тілдерін дамыту. Қыс мезгілінің басқа жыл мезгілінен айырмашылықтарын айта отыра балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. |
| IV | **«Біркелкі пішіндерді сана»** | **Мақсаты:** Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. |
| | **Қаңтар** | |
| I | **«Отбасы мүшелерін ата»** | **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атау. Отбасында әр адамның ерекше орын алатынын түсіндіру. Отбасы мүшелері жайлы санамақ жаттау мақсатында тілдері дамытып ой-өрістерін кеңейту. |
| II | **«Үй жануарларының дауысы»** | **Мақсаты:** Үй жануарларын мен оның төлдерін еске түсіру. Олардың әр қайсысының қалай дыбыстайтынына тоқталу. Беретін өнімдеріне шолу жасау арқылы сөздік қорларын молайту. |
| III | **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»** | **Мақсаты:** Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. |
| IV | **«Бұл қандай көлік?»** | **Мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, атауларын атау. Кім балабақшаға қандай көлікпен келетініне тоқталып ойлау қабілеттері мен сөздік қорларын молайту. |
| | Ақпан | |
| I | **«Сиқырлы қапшық»** | **Мақсаты:** заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. |
| II | **«Моншақтардың түстерін ажырату»** | **Мақсаты:** Түстерді шатаспай айыра білуге, моншақты кімдер тағатынына, олар неден жасалғанына тоқталу мақсатында ойын арқылы баланың ой-өрісін, тілін дамыту. Сыйластыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| III | **«Шамдар»** | **Мақсаты:** қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар<br>Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады. |
| | | **Мақсаты**:Дала құстарына |

| | | |
|---|---|---|
| IV | **«Дала құстары»** | тоқталу.Немен қоректенеді, қандай құстар қыстап қалатыны жайлы әңгімелеу.Жұмбақ жасыру мақсатында ой-өрістерін дамыту, сөздік қорларын байыту. |
| | **Наурыз** | |
| I | **«Суреттерді құрастыр»** | **Мақсаты:**Суреттерді құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру, қандай сурет ол неден жасалғанына тоқтала отыра тілдерін дамыту. |
| II | **«Қолымда не бар?»** | **Мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар. |
| III | **«Кім не істеп жатыр?»** | **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме дүкен құру. Кім не істеп жатқанына тоқталу, олардың жасаған қыймылдарын қайталау. Ойын арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. |
| IV | **«Көп және біреу»** | **Мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды. |
| | **Сәуір** | |
| I | **«Жоғарыда-төменде»** | **Мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: құстардың, жануарлардың суреттері.<br>Ойынның мазмұны: Бала |

| | | |
|---|---|---|
| | | қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді. |
| II | **«Танып ал да, атын ата»** | **Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. |
| III | **«Ойыншықты тап»** | **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>Көрнекілік: Топтағы ойыншық.<br>Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады. |
| IV | **«Кім жылдам?»** | **Мақсаты:** Балаларды топтағы жиһаздардың аттарын атап жылдам ойланып жауап беруге дағдыландыру. |
| | **Мамыр** | |
| I | **«Тез ойла, көп ойла»** | **Мақсаты:** 1.Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. 2. Кеңестікті бағдарлай білуге |

| | | |
|---|---|---|
| | | үйрету. 3. Ойын арқылы шапшандыққа, тез ойлауға баулу. Көрнекілік: Топтағы заттармен. Барысы: Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістіктібағдарлайбілугеүйрету. |
| II | **«Өзара айырмашылығын тап»** | **Мақсаты:** 1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. 2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы. Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. |
| III | **«Өзара айырмашылығын тап»** | **Мақсаты:** Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. |
| IV | **«Доппен ойнау»** | **Мақсаты:** «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту. Көрнекілік: доп. |